әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының докторанты Тауекелова Толганай Батырбековнаның «8D03101-Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынатын «Қазіргі жағдайдағы Қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік және сенімнің өзара әсері» атты ғылыми диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс қазіргі жағдайда қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенім феноменінің өзара байланысын зерттеуге бағытталған. Зерттеу барысында әлеуметтік жауапкершілік пен сенім ұғымдарының теориялық негіздері жүйеленген, олардың эволюциясы мен заманауи түсіндірмелері толығымен дәйектелген. Ізденуші әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара байланысын әлеуметтік капитал теориясы аясында талдаған. Шетелдік әдебиеттер мен халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, қазіргі қазақстандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуын зерделеген.

Диссертациялық жұмыстың эмпирикалық бөлімі мазмұндық тереңдігімен және қолданылған әдістерінің ұтымдылығымен ерекшеленеді. Зерттеу аясында Қазақстанның әртүрлі аймақтарында орналасқан шағын бизнес субъектілерінің қатысуымен сауалнама мен тереңдетілген сұхбат әдістері жүргізілген. Эмпирикалық деректерге негізделе отырып, ізденуші әлеуметтік жауапкершілік пен сенім арасындағы өзара әсері мен байланыстарды нақты анықтауға тырысқан. Диссертацияда Қазақстан қоғамының іскерлік және әлеуметтік контекстіне тән ерекшеліктер, сондай-ақ, әлеуметтік жауапкершіліктің аймақтық және мәдени ерекшелігі ескерілген. Зерттеу барысында алынған мәліметтер регрессиялық талдау әдісімен өңделіп, сенімді нәтижелер ұсынылған. Автордың қолданған әдістемесі – кешенді, әрі заманауи ғылыми талаптарға сай келеді.

Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен ұсыныстар өзінің жоғары практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Ізденуші корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға ықпал ететін бірқатар өзекті бағыттар бойынша ұсыныстар білдірді. Атап айтқанда, әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыруға бағытталған салық механизмін жетілдірудің маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершілік саласында мемлекеттік қолдау бағдарламаларының қолжетімділігін арттыру, ақпараттық және сараптамалық қолдауды күшейту қажеттігі негізделді. Жемқорлыққа қарсы күрес шараларын күшейту және институционалдық сенімді арттыру әлеуметтік бастамалардың тиімді жүзеге асуына ықпал ететіні көрсетілді. Қайырымдылық қызметін жүйелендіру және оның тиімділігін арттыру жолдары ұсынылды. Сонымен қатар, адами капиталға және компанияның ішкі мәдениетіне инвестиция салудың ұзақ мерзімді пайдасы негізделіп, жергілікті бизнес-қауымдастықтармен ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығы

дәйектелді. Аталмыш ұсыныстар болашақта Қазақстан Республикасында бизнес құрылымдарының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық құралдардың бірі ретінде бағалануы мүмкін.

Ізденуші Т. Б.Тауекелова ғылыми жұмыс барысында жоғары деңгейде теориялық дайындығы мен зерттеушілік қабілетін танытты. Диссертациялық жұмыс аясында ізденуші теориялық талдау мен эмпирикалық зерттеуді сабақтастыра отырып, тың ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы – алынған ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстарды бизнестің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған нақты бағдарламалар мен іс-шараларға енгізу мүмкіндігінде көрінеді. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға мүдделі бизнес-қоғамдастық үшін әдістемелік және қолданбалы тұрғыдан пайдалы. Диссертациялық зерттеу нәтижелері бизнестің әлеуметтік бастамалар тиімділігін арттыруға негіз бола алады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференциялар мен ғылыми басылымдарда жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 13 мақала жарық көрді. Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны ғылыми талаптарға сәйкес келеді. Диссертацияда теориялық және әдіснамалық аспектілер толық қамтылған.

«Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің дамуына әлеуметтік жауапкершілік пен сенімнің өзара әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді, ал ізденуші Т.Б. Тауекелова «8D03101 – Әлеуметтану» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін және қорғауға жіберуге ұсынамын.

Отандық ғылыми жетекші
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының профессоры,
әлеуметтану ғылымдарының докторы **М.С. Садырова**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
дайындау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«01» 07 2025 ж.